

“ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ  
ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ  
РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ”  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
“УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ  
РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ  
ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ”

## ҚОРЫТЫНДЫ

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

№ \_\_\_\_\_

Шымкент қаласы

город Шымкент

**«Алтын-сақа»  
балабақшасы» МКҚК**

**ОҚО, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылдық округі, Қаражан ауылы, Ж.Жұматаев көшесі, 16 мекенжайында орналасқан «Алтын-сақа» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы**

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы ЖК Г.Баймахановамен әзірленді (Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 206).

Жоба материалдарының тапсырысшысы: «Алтын-сақа» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (ОҚО, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылдық округі, Қаражан ауылы, Ж.Жұматаев көшесі, 16).

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына төмендегі материалдар ұсынылды:

-ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы;

- 2013 жылғы 29 тамызда берілген №0003206 қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың көшірмесі.

Объект IV санатқа жатады (санитарлық жіктеудің 5-ші сыныбы).

Материалдар қарастырылуға 15.12.2017ж. түсті, кіріс № 07/2838.

### Жалпы мәліметтер

«Алтын-сақа» балабақшасы Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылдық округі, Қаражан ауылы, Ж.Жұматаев көшесі, 16 мекенжайында орналасқан. Балабақшаның учаске аумағы оңтүстік жағы саябақпен, солтүстік жағы пошта ғимаратымен, шығыс жағы Ж.Жұматаев көшесімен, батыс жағы тұрғын үйлермен шектеседі. Жақын тұрғын үйлер учаске аумағынан 50 метр қашықтықта орналасқан. Жер учаскесінің жалпы ауданы – 0,5 га. Аталмыш жер учаскесінде екі қабатты балабақша ғимараты, қазандық, ойын алаңшалары, көмір мен күл қоймалары және дәретхана орналасқан.



Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы 2013 жылғы 29 тамызда берілген №0003206 қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолдану мерзімі аяқталуына байланысты әзірленген. Бұрын ластаушы заттардың шығарындылары жылына 13,719 тоннаны құраса, осы жоба бойынша – 13,962 т/жыл.

Балабақша ғимаратын жылдың күз-қыс айларында жылумен қамтамасыз ету үшін қазандық ғимараты қарастырылған. Қазандық ғимаратында қатты отында жұмыс істейтін КТ-150 маркалы екі дана қазандықтар орнатылған. Қазандықтар тәулігіне 24 сағаттан, жылына 143 күн жұмыс істейді. Қатты отынның жалпы жылдық шығыны 126 тоннаны құрайды. Шығарындылар биіктігі 15 метр, диаметрі 0,45 метр құбыр арқылы шығарылады. Көмір мен күл қалдықтары арнайы қоймаларда сақталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес объект 5-ші сынып қауіптілігіне жатады, санитарлық-қорғаныш аймағы 50 метр болып белгіленген.

### Қоршаған ортаға әсерін бағалау

Атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығаратын көздерге жылыту қазандықтары, көмір мен күл қоймалары жатады. Ластаушы заттар шығарындыларының көлемі:

| Ластағыш заттар атауы                                               | Шығарындылар    |                 |
|---------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|
|                                                                     | г/сек           | т/жыл           |
| Азот диоксиді                                                       | 0,0337          | 0,332           |
| Азот оксиді                                                         | 0,00547         | 0,054           |
| Күкірт диоксиді                                                     | 0,1863          | 1,837           |
| Көміртек оксиді                                                     | 0,528           | 5,2             |
| Бейорганикалық тозаң<br>құрамында 70-20 % кремний қос<br>тотығы бар | 0,662392        | 6,53968         |
| <b>Барлығы:</b>                                                     | <b>1,415862</b> | <b>13,96268</b> |

«Кәсіпорындардың шығарындыларындағы зиянды заттардың атмосфералық ауадағы шоғырлануын есептеу әдістемесінің» 5.21 тармағына сәйкес сейілу есебі қажет етіледі. Ластаушы заттың атмосферадағы сейілу есебі бойынша санитарлық-қорғаныш аймағының шекарасында, сондай-ақ жақын тұрғын үй аумағында ластаушы заттардың шоғырлануы елді мекендердің атмосфералық ауасы үшін жол беруге болатын шекті шоғырлану мәндерінен аспайды. Осы жобадағы ластаушы заттардың шығарындылары жол беруге болатын шекті шығарындылар (ШЖБШ) нормативтері ретінде ұсынылады.

### Тұжырымдар

Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылдық округі, Қаражан ауылы, Ж.Жұматаев көшесі, 16 мекенжайында орналасқан «Алтын-сақа» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары нормативтерінің жобасы КЕЛІСІЛЕДІ.

**Сарапшылық бөлімше  
басшысы**

**Г.Ермекбаева**

ЭРБ-нің бас маманы  
Г.Сандыбаева



Бөлімнің басшысы

Ермекбаева Гульнара

